

## СҮЛТАНМАХМҰТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТҮРМЫСЫНЫҢ ШЫНДЫҒЫ

Поэзия – адам сезімінің айнасы, жан күйінің құбылыс көрсеткіші. Поэзияда адам жаңының жақсы көру, жек көру, сүйсіну, қуану тәрізді касиеттері өлеммен өріліп, тындарманға жетеді. Яғни кен көлемді ой да ақынның жан күйінен туады. Ақын өмірден көрген, тоқығанын ой елегінен еткізіп халықта жеткізеді. Сондықтан ақын заман көзі, қоғамның әлеуметтік мәселелерін айқындаушы, табиғат сұлулығы мен адамның сую, сүйсіну сезімдерін жеткізуші деуге болады.

Академик Зәки Ахметов: «Сұлтанмахмұт поэзиясы – қазақ қоғамындағы жаңа дәуір – ұлттық ояну дәуірі тұғызыған адамгершілік, әділдік, өнер-білімге құштарлық идеяларын айрықша қуатты жігерлілікпен, аскак үнмен жырлаған, такырып идеялары, жанрлық бейнелілік, стильдік ерекшеліктерінде жаңалығы, соны сипаттары мол, поэзия, көбінше әлеуметтік публицистикалық лирика» [1.32], – деп Сұлтанмахмұт поэзиясына жоғары баға берсе, филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсембей Кенжебаев: «XX ғасыр

басындағы бірқатар көрнекті ақындар ұлы Абайдан үйренді. Абайдың ізі, үлгісімен лириканың барлық жанрында да жазды. Соның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Оның өлеңдерінде саяси лирика да, маҳабbat лирикасы да, табиғат лирикасы да көніл-күй лирикасы да бар. Сұлтанмахмұт өлеңдерінде маҳабbat, табиғат лирикасынан саяси лирика мен көніл күй лирикасы басым жатады» [2.52], – деп ақын шығармашылғына төрек үніледі.

Сұлтанмахмұт XX ғасыр басындағы өзіндік өлең өрнектерімен, сырлы сөздерімен, атқарған істерімен есте қалды. Ол өзінің тұлға ретінде қалыптасып, ақындығын айқындауда көптеген аға буын Абай, Шәкірім және Мағжан, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов сынды өзімен қатарлас замандастарының шығармалары мен өмірдегі, өнердегі ұстанған бағыт-бағдарларын өлеңдерінде арқау етіп, пір тұтты. Мысалы, «Асыл сөз» өлеңінде:

Асыл сөзді іздесен,  
Абайды оқы, ерінбе.  
Сөз мәнісін білмесен,

Жат тоқып ал көнілге.

«Таныстыру» поэмасында:

Абайды дейік биік бұлтқа жетті,  
Аз ілімі жетуіне жәрдем етті.  
Алты алашқа атагы айқындалып,  
Сүйкіті, тағым мінді, суретті.

Толстой онан биік күнге жетті,  
Күн астындағы елдерге даңқы кетті.  
Алса егер Толстойдың тәрбиесін,  
Абай да көрестер еді сондай кепті, –

деп Абайдың оқуға деген қызығушылығын суреттесе:

Басында ол қарағым тұр гой дайын,  
Тез ұзақ өмір берсін бір құдайым.  
Дулатов, Байтурсынов, Бекейханов,  
Білемін бұл уш ердің айтпай жайын.

Кешегі қар күнде болмап па еді,  
Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым.  
Солардан басқа кеше кім бар еді.  
Қазак үшін шам қылған жүрек майын, –

деп алаштың үш албына баға береді. Абай салған сара жолмен қадам басқан Сұлтанмахмұт әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын шыншылдықпен, сыншы көзімен жеткізе білді.

«Қаранды қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған» ақынның лирикалық өлеңдері өскелен ұрпаққа үлгі, көусар бұлак іспетті. Ақынның жан дүниесін өлеңдерінің әрбір шумағы мен тармақтарынан сезінуге болады.

**Сұлтанмахмұт поэзиясындағы білім, ғылым тақырыбы** – XX ғасыр басындағы ақындардың басты тақырыбына айналған. Ақынның оқу-білімге деген құштарлығынан туындаған шығармалары қазақты қарандылардан оятып, ұлттық сана-сезімге, ұлт-азаттық рухының қалыптасуына ықпал етті. Сұлтанмахмұт поэзиясындағы ағартушылық тақырып тек насиҳаттық, үгіттік аяда қалып қоймай, терен ой, нәзік сезімге құрылуы оның өзіндік артықшылығы мен осы ағымдағы стильдік ерекшелігін көрсетеді.

Сұлтанмахмұт туралы көрнекті ақын ағамыз Әбділда Тәжібаев: «Мәдениеттен артта қалған қазақ еліндегі басты қырысқ қарандылық деген таныған ақынның ағартушылық туын көтерісүдегі еңбегі үшан теніз. Оқу оқы, өнер тоқы дегенді ол ақылмен де, ашумен де жеткізіп айтты; білім жолындағы бөгесіндердің де бірін аяған жоқ: дін мен ырымжырымды, надандықты, топастықты өштесе тілдеді. Халықты білім жолына шақыру үшін ақын түгін

аямай сарқып айтты, сарқылып айтты:

Қаранды қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып күн болам.  
Қарандылықтың кегіне,  
Күн болмағанда кім болам?! –

деген Сұлтанмахмұт ұрпағымыз үшін де көнермейтін, кемімейтін ақын» [3, 61], – деп айтқан өз күнын жоймас, сұлтанмахмұттану ісінде басшылыққа алатын орынды пікір десек қателеспейміз.

Соның айғалы – оқу-білімді насиҳаттауға арналған «Орнымыз медресе оқып жатқан», «Оқу», «Оқып жүрген жастарға», «Талиппарға», «Окудағы мақсат не?» өлеңдері.

«Орнымыз медресе оқып жатқан» өлеңінде:

Өнер гой оқу деген таңдай атқан,  
Оқу білсең орынды болар мактанды.  
Білімге қарсы тұрар қандай күш бар,  
Бас иер талай мырза кеуде қаққан, –

деп мемменсіген, кекірегі соқыр мырзаларды оқу мен ғылым арқылы өзіне иландыратын алып қүшті суреттейді.

Таусылмас ғылым теңіз шалқып жатқан,  
Соңынан қалмас оның дәмін татқан.  
Өмір бойы оқысаң бір таусылмай,  
Қындығы қинаиды жанға батқан, –

деп, ғылым жолының салалы соқпақтарын, оның адам көнілін баурап алар сиқыры көп қыры мен сырын көрсете отырып, оқу-білімге шакырады. «Оқу» деген өлеңінде:

Бар қынды тек қана ғылым жеңбек,  
Оқыса басқа елдердегі қатарға енбек.  
Білімге ел бол аңсан құмарланса,  
Жетілмек аз-ақ жылда жоғары ерлеп.

Өнерлі ел бар мұқтажын жерден ембек,  
Өнермен техникалы жұмсаң енбек.  
«А, құдай, өзің берден» түк шықпайды,  
Талаптанып, талпынсан сонда бермек, –

деп, халықты, жастарды жабыла ғылым үйренуге, елді ілгері бастыруға, өзге елдермен тәңелдіруге тырысады. Өмірде техниканы жетік менгеру де өнер-білім арқылы келетіндігіне, талаптанып, талпынған адам ғана максат-мұратына жететіндігіне сенімі мол.

XX ғасырдың басындағы қоғамдық жағдайын алаш қозғалысына үласуына «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті мол еңбек сінірді. Галым Т.Кекішев өз еңбегінде: «Айқап» пен «Қазақ» басылымдарының орыс әдебиеті мен мәдениеті жөніндегі көзқарасы ешқандай айрықша колпаштауды қажет етпейді. XX ғасырдағы қазақ зиялышарының басым көпшілігі, өсірсе, жетекшілері батысшыл бағытта

болжаны даусыз», – деп ескерте отырып, батыстың бағытты жақтау себептерін, – Сонымен «Айқап» пен «Қазақ» газеттері әр халықтардың мәдениеті мен әдебиетінің интернационалдық байланысын нығайту жолында өзінің ағартушылық-демократиялық позициясына сай кызмет атқарып, халықтың эстетикалық талап-талғамын тәрбиелу, жетілдіру үшін қолынан келген істерді жүзеге асырып отырды» [4,158], – деп тұжырымдайды. Сұлтанмахмұтта «Айқап» газетінде хатшы болып кызмет атқарған кезінде «Қазақтың өлең кітаптари жайынан», «Қазақ ішінде оқу, тоқу жолы қалай?», «Досымға хат», т.б. өлендері жарық көрді.

Алаш зиялтылары аласапыран кезеңде батыстың бағытын ұстанғанмен, оларға көзсіз еліктемеді. Саяси бағыттағы істерін сынай отырып, ғылым мен білім, оқу-ағарту, әдебиеттегі жетістіктерінен үйрене білді, оны насиҳаттады. Сұлтанмахмұттың да білімге, білуге деген құштарлығы орыс тілін жетік білуге талпындырып, қоғам қайраткерлері К.Маркс, Ф.Энгельс, М.А.Бакунин, В.Г.Плеханов еңбектерін, ақын-жазушылары А.С.-Пушкин, М.Ю.Лермонтов, С.Я.Надсон, И.А.Крылов, Л.Н.Толстой туындыларын зерттеуіне әсер етті. Бұл халық санасын оятудағы алаш азаматтарын мәдениет пен өркениетке ұмтылтудағы тапқан бір әдісі болса керек.

Сұлтанмахмұт өмір сүрген заман – сурлеуі мен бұраланы көп кезең. Ол өз заманындағы әлеуметтік мәселелерден қалыс қала алмады. Қоғамдық өмірдің ашысы мен тұшысын жыр етті. Ақ патша құлап, қазақ халқының қоғамдық-саяси жағдайына өзгерістер енген тұстағы басқа да бұратана халықтар секілді қазақ халқының еңесі көтеріле бастаған кезең.

Азаттыққа қол жеткізу мақсатында құрылған көптеген партиялар пайда бола бастаған шақта Алаш партиясының құрылуына С.Торайғырұлы да қуанышты болды. Ақынға қазақ автономиясын құру жөніндегі идея ұнады. Ол елдің санасын оятуға, тәуелсіздік тұфырына көтеруге ұмтылғандардың бірі болды десек қателесспейміз. Ол 1917 жылдың казанында Семейге келген Әлихан Бекейхановты қарсы алып, желтоқсанда өткен Алашорда съезіне катысип:

Көш бастаған еріміз!  
Қуанышта еліңіз.  
Төбеміз көккө жеткендей,  
Көкіректен бүтін кеткендей,  
Сізді қөріп шеріміз.  
Еліңіздің бұл шағын,  
Алаш туын қәм бағын,

Көзбен көріп төленді,  
Көптен бергі теріңіз,  
Алаш туын қолға алған  
Қараңғыда жол салған,  
Арыстаным келіңіз! –

деп жастар атынан сөз сөйлеп, өлең оқиды, «Сарыарқа» газетінің екі санында «Әлиханның Семейге келуі» деген мақала жариялайды. Сұлтанмахмұттың:

Алаш туы астында,  
Біз – алаштың баласы.  
Құніміз туып көгерді,  
Сарыарқаның даласы.  
Күрт аурудай жайлаган,  
Құртпаққа бізді ойлаган,  
Қанымызға тоймаган,  
Қолымызды байлаган,  
Ерімізді айдаған,  
Елімізді лайлаган,  
Жерімізді шимайлаган,  
Өшті залым қарасы!  
Жасасын, алаш, жасасын! –

деп жағған «Алаш ұраны» өлеңі қазақтың тұнғыш әнұраны болып, азаттық үшін құрес жолында жүрген азаматтардың жүргегіне сенім ұлтты. Сол кездеңі тұрақсыздық, тәуелсіздік ұғымының жанжақты талқыға түсіүне әкелген тұста Сұлтанмахмұттың сенген еркіндік, шындық туралы ойы өзгерді. Көз алдындағы аласапыран оқиғалар, өзгерістер, шындықтан ғері алдау шырмаланына түскен заманға сенімі бұлдыр сағымға айналған шақта «Неге жасаймын?» деген сұрап қояды.

Сузыз, шетсіз шөлдерден,  
Тұманды, түпсіз көлдерден.  
Адамдық көші өткенше!  
Қасқыр мен кой дос болып,  
Достықсыз өмір бос болып,  
Шітен өсіп адамдық,  
Сырттан түлеп жамандық,  
Тазарып әбден кеткенше:  
Талай шаштар ағарар,  
Талай тәнді жер алар,  
Талай буын қуарар,  
Талай өмір суалар.

Жасамаймын: «Еңбектің,  
Жемісін көзбен көрем» деп,  
Жасаймын: «Бір қолғабыс  
Кейнгіге берем» деп.

Бұл өленде ақын ұлтының азаттыққа жетер күннің алыста екендігін, оған күресу үшін әлі де талай заман өтіп, талай адам құрбан боларын айқын айткан.

Сұлтанмахмұттың «Оқыған басшы», «Айт», «Бір адамға», «Қымыз», «Кедей», «Өн бе, тұс пе?», «Осы да әділдік пе?» деген өлендері қазақ даласындағы

әлеуметтік, саяси жағдайларды шынайы суреттеген.

«Оқыған басшы» өлеңінде:

Қазаққа басшымыз дер шляпалар,  
Очки сап, портфель ұстап жүрген жандар.  
Істеген он тыныңдық еңбекі жоқ,  
Бос мылжың, даурықпада қанша мән бар? –

деп амал-айласын асырған, қолынан іс келмейтін  
басшыларды аяусыз сыйнишы әжуда етеді.

«Айт» деген атақты өлеңінде:

Әр үйдің тілінгенге есірі ашық,  
Шаттық бар, жамандық ой кеткен қашып,  
Сойған кой, берген қымызың құрметтіне,  
Байлар да кердендейді алшаң басып,

...Жалғыз-ақ дорба астында кедей кәріп,  
Аштықтан өні кеткен әбден арып  
Әркімдер тыын-тебен беріп жатыр  
Дегенде: «Құтты болсын айт шәріп!», –

деп халықтың әлеуметтік жайын айт кезін суреттеу-  
мен береді. Байдың тоқшылықта алшаң басып  
жүрген сиқы мен өні кеткен кедей байғұстың үйді-  
үйді айтшылап сауын айтып кәріп болған күйін сол  
кезеңдегі ашы өмір шындығы арқылы сипаттайды.

Сұлтанмахмұт өлеңдерінде байлық пен кедейлік  
түрлі формада бейнеленеді. Бірде – адам кейіпіне еніп  
онымен тілдессе, бірде – кедейлік байлықпен тең-  
луге кезекке тұрады.

Сұлтанмахмұттың қай шығармасы болмасын

қазақ тұрмысын, ұлттық психология мен оның эстетикалық сезім дүниесін бейнелейтін көркем туынды. Көзі тірісінде-ақ «ұлттыл», «алашибыл», «алашордашыл» деп сынға ұшыраған ақын шығармалары бүгінгі тәуелсіз ел жағдайында кейінгі ұрпакка үлгі-өнеге болары хақ.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Сейдеханов К. – Кіт: С. Торайғыров. С. Кебеев. Алматы: Рауан, 1992.
2. Қенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Алматы: Білім, 1993.
3. Қәкішев Т. Қазақ әдебиеті сыйнының тарихы. Алматы: Санат, 1994.
4. Қенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы қазақтың демократ ақын-жазушылары. Алматы, 1958.
5. Ергөбеков Қ. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Алматы: Білім, 1994.
6. Дүйсенбаев І. Эпос және ақындар мұрасы. ҚазССР-нің ғылым баспасы. Алматы, 1987.